

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Топ: «Арай» тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі : Ақпан

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Денешынықтыру	<p>Жалпы дамыту жаттығулар: Қолды кезек жоғары артқа көтеру. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; . 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру(бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды) Екі бала жұптасып жасайды. Бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады.(5-6рет). Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3метр)</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Заттардың, кегільдердің арасымен аттап жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан қолға ауыстыра отырып, кедір бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру: Жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Әр түрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту.</p> <p>Секіру. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру(арақашықтығы 40см)</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1.5-2м) басынан асыра лақтыру.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір бірінің жанына және бір бірінің артынан сапқа тұру. Орнында айналу,онға , солға бұрылу, сап түзеп, үш қатармен қайта тұру</p> <p>Музыкалық- ырғақтық жаттығулар: Түзу бағытта адымдап жүру</p> <p>Спорттық жаттығулар: Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <p>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қыс мезгілінде шаңғымен жүруге жағдай жасау.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</p> <p>Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу.</p> <p>Қолды жазуға дайындау. Ирек сызықтарды, нүктелерді, арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі</p>

	бойынша , солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз Н-Ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор: Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру</p> <p>Шығармаларды қабылдау. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің бір біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>Сан және санау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әр түрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау.</p> <p>Шама: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Пішіннің бір фомасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу.</p>
Қоркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылданғаны туралы айту. Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Мәнерлеп оқу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ , жаңылтпаш айту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат»(мұз сүңгілері, қар) ұғымымен таныстыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін талдау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты сезуі, олардың өсуі және көбеюі.</p>

	<p>Жануарлар әлемі. Жануарлардың өсуі және көбеюі, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: туыстық байланыстарды түсіну(өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты) өзінің жеті атасын білу.</p> <p>Заттық әлем. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну (смартфон) қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білуге баулу</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. «Автобус аялдамасы» белгілерін білу</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру. Табиғи (қағаз) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру. Конструктор бөлшектерінен құрастыру: құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен бірлесуге баулу.</p>
Сурет	<p>Заттық сурет салу. Бейнелеу әдістерін (кляксография) қолдану</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту.</p> <p>Сәндік сурет салу: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («жауқазын») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалану.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу., пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Жануарлардың қимылдарын, қол аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: зергерлік бұйымдарымен(білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б қалауы бойынша мүсіндеу.</p>
Апликация	<p>Заттық жапсыру: Жапсырудың түрлі тәсілдерін (флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан(табиғи материалдан) жапсыру.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Сюжеттік жапсыруда балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>Сәндік жапсыру: Киіз үйдің жабдықтарымен(сықырлауық, басқұр) таныстыру, жеке және топпен бірлесіп</p>

	жасау
Қазақ тілі	<p>Заттарды жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ыдыс атауларымен таныстыру.</p> <p>- Педагогтың үлгісі бойынша қысқаша сипаттауға үйрету</p> <p>Мынау сөзімен байланыстыра айтып үйрету.</p> <p>- Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздерді байланыстырып сөйлеу, зейін қойып тыңдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Меңгерілетін сөздер: кітап, қалам, шаңғы, қасық, кесе, тәрелке.</p>
Музыка	<p><i>Музыка тыңдау</i></p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытуға үйрету. Музыканың бейнелі мазмұнын қабылдауға, музыканы сезінуге үйрету. Музыканың мәнерлілігін қабылдауға үйрету. Қарапайым музыкалық жанрларды ажырата білуге үйрету (күй, ән, би, марш); Музыканы қабылдаудың тұтастығын дамыту. «Аспаптық музыка» термині туралы білім беру. Балалардың музыкалық тәжірибесін байыту.</p> <p>Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: ИхласаДукенованың шығармаларымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><i>Ән айту</i></p> <p>Әннің сөзін анық айтуға үйрету, музыка сипатын қабылдайды және жеткізуге үйрету. Әуенді таза интонациялай отырып, айқайламай және шиеленіспей, дұрыс ән тыныс алу арқылы ән айтуды үйренуді жалғастырыңыз. Әуеннің алға және төмен қозғалысын әнге дәл жеткізуге үйрету. Вокалдық-хор дағдыларын жетілдіру. Дыбысты мәжбүрлемей, айқын дикциямен ән айтуды үйрену оңай. Ересек адамның интонациясына бейімделу қабілетін дамыту, музыкалық есту мен дауыстың дамуына ықпал ету</p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</i></p> <p>Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Музыкалық-ритақты дағдыларды жетілдіру. Музыканың аяқталуына қозғалыстын тоқтауымен жауап беруге үйрету. Таныс би қимылдарын бекіту. Жүргізушіні бағдарлауға, қатардан өз орнын табуға, музыкалық есте сақтауды дамытуға үйрету</p> <p><i>Билер</i></p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Мұғалімнің көрсету мен ауызша нұсқауы бойынша қимылдарды орындау қабілетін жетілдіру, тәуелсіздікке деген ұмтылысты ояту.</p> <p>Қазақ биінің қимылдарын үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Музыканың би сипатын сезіну.</p> <p><i>Би шығармашылығы</i></p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p>

		<p><i>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау</i></p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптарда бірлесіп ойнау дағдыларын жетілдіру. Қазақ халық аспаптарында ойнауға деген сүйіспеншілікті ояту және оларға ойын тәсілдерін бекіту. Музыкалық (асатаяқ, бубен, румба, үшбұрыш, ағаш қасық) аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
--	--	---